

"КАЗИНВЕСТБАНК"  
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫң  
ЖАРҒЫСЫ

04 24 ғанчар  
940540000429

1994 18 маин

15 06 ағаш

2004 27 ғанчар  
940540000429

Акционерлердің  
Жалын жиналышсының  
2014 жылғы «30» желтоксандагы  
шешімімен бекітілді

Алматы, 2014 жыл

Бұл Жарғы ары қарай «Банк» деп аталатын "Казинвестбанкі" Акционерлік қоғамының құрылтайлық құжаты болып табылады, ол Банктің құқықтық жағдайын, ұйымдастыру және қызмет ету, қайта құру және жою тәртібін, акционерлер мен үшінші тұлғалардың құқықтарын, міндеттерін, құқықтары мен мұдделерін қорғау талаптарын, Банктің органдары мен лауазымды тұлғаларының уәкілеттілігін және жауапкершілігін анықтайды.

Бұл Жарғы Қазақстан Республикасының Конституциясына, «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 1995 ж. 31 тамыздағы №2444 Занына (ары қарай – Банктер туралы зан), «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының 2003 ж. 13 мамырдағы № 415-II Занына (ары қарай – АҚ туралы зан) және Қазақстан Республикасының өзге нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жаңа редакцияда әзірленді және бекітілді.

## I бөлім. Жалпы ереже

### 1 бап. Банктің атауы

1. Банктің толық атауы:

- а) мемлекеттік тілде: "Қазинвестбанкі" акционерлік қоғамы;
- б) орыс тілінде: Акционерное общество "Казинвестбанк";
- в) ағылшын тілінде: "Kazinvestbank" Joint Stock Company.

2. Банктің қысқаша атауы:

- а) мемлекеттік тілде: «Қазинвестбанкі» АҚ;
- б) орыс тілінде: АО «Казинвестбанк»;
- в) ағылшын тілінде: «Kazinvestbank» JSC.

### 2 бап. Банктің құқықтық мәртебесі

1. Банк Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған және қызмет етеді.

Банк өз қызметін жүзеге асыруға қаражат жұмылдыру мақсатында акция шығаралын қазақстандық заңды тұлға болып табылады. Банктің меншік құқығында жекеленген мүлігі бар және осы мүлігімен өз міндеттемелері бойынша жауап береді, өз атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар мен міндеттемелер алуға және жүзеге асыруға, сotta талапкер және жауапкер болуға құқылы.

Банктің ресми мәртебесі Қазақстан Республикасының әділет органдарында Банк ретінде заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеумен және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау бойынша уәкілетті орган берген (ары қарай – уәкілетті мемлекеттік орган) банкілік операциялар жүргізуге лицензиямен анықталады.

2. Банктің ұйымдық-құқықтық нысаны – акционерлік қоғам.

3. Банктің меншік түрі – жеке меншік.

4. Банктің Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерлерде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысуға құқығы бар.

5. Банк өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, сонымен қатар, осы Жарғыны және Банктің өзі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әзірлеген басқа құжаттарды басшылыққа алады.

6. Банк акционерлердің Жалпы жиналысының шешімі негізінде («Казинтербанк» ЖАҚ акционерлерінің Жалпы жылдық жиналысының 1998 ж. 25 наурыздағы Хаттамасы) «Қазақстан Интернационалдық Банкі» Жабық акционерлік қоғамынан «Қазақстан Интернационалдық Банкі» Ашық акционерлік қоғамы болып қайта құрылды (бастапқы мемлекеттік тіркеуден өткен күні 1994 ж. 18 мамыр). Банк акционерлердің Жалпы жиналысының шешімімен бекітілген Откізу актісіне сәйкес («Казинтербанк» ЖАҚ акционерлерінің Жалпы жылдық жиналысының 1998 жылғы 25

наурыздағы Хаттамасы) «Қазақстан Интернационалдық Банкі» Жабық акционерлік қоғамының барлық құқықтары мен міндеттері бойынша оның құқықтық мұрагері болып табылады.

7. Банктің «Қазақстан Интернационалдық Банкі» Ашық акционерлік қоғамынан "Казинвестбанк" акционерлік қоғамы болып қайта аталуы және Банк Жарғысының осы редакциясы АҚ туралы заң нормалары мен талаптарын орындау үшін, сондай-ақ, Банк атауын Банктің мақсаттары мен қызмет аясына сәйкестікке келтіру мақсатында жүргізілді.

8. Акционерлерінің Жалпы жиналышының 2014 жылғы «30» желтоқсандағы Шешіміне сәйкес Банк осымен жаңа редакциядағы Жарғыны қабылдайды.

### **3 бап. Банктің және оның акционерлерінің жауапкершілігі**

1. Банк өз міндеттемелері бойынша өз мүлігі шегінде жауап береді.

2. Банк өз акционерлерінің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

3. Акционерлер Банктің міндеттері бойынша жауап бермейді және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде қарастырылғаннан өзге жағдайларда Банк қызметіне байланысты өздеріне тиесі акциялар құны шегінде шығын тәуекелін көтереді.

4. Банктер туралы Заңда қарастырылғаннан өзге, және Банк немесе мемлекет мұндай жауапкершілікті өзіне алғаннан өзге жағдайларда мемлекеттің Банк міндеттемелі бойынша жауап бермейтіндей Банк те мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді,

### **4 бап. Филиалдары мен уәкілдіктері, Еншілес Банктер.**

1. Банктің Директорлар кеңесі шешімінің негізінде Банк уәкілетті мемлекеттік органның келісімінсіз Қазақстан Республикасының аумағында, сонымен қатар одан тыс жерлерде өзінің жекеленген бөлімшелерін - филиалдар мен өкілдіктер ашуға құқылы.

2. Банк филиалы – заңды тұлға болып табылмайтын, Банк орналасқан жерден өзге жерде орналасқан, банктің атынан банк қызметін жүзеге асыратын және Банк оған берген уәкілеттіліктер шегінде әрекет ететін Банктің жеке бөлімшесі. Банк филиалы Банкпен біртұтас балансқа, сонымен қатар, Банктің атауымен толық сәйкесетін бірдей атауға ие.

3. Филиалдың бір облыс (республикалық маңызға ие қала, астана) шегінде бірнеше мекен-жайда орналасқан жайларының болуына құқылы бар.

4. Банк өкілдігі - заңды тұлға болып табылмайтын, Банк орналасқан жерден өзге жерде орналасқан, банктің атынан және банктің тапсырмасы бойынша әрекет ететін және банк қызметін жүзеге асырмайтын Банктің жеке бөлімшесі.

5. Банк Банктер туралы заңның 8 бабамен оған берілген уәкілеттіліктерді жүзеге асыру мақсатында уәкілетті мемлекеттік органның рұқсаты болған жағдайдаған өзінің еншілес ұйымын құруға және оның болуына құқылы.

6. Банктің филиалдары, өкілдіктері және еншілес ұйымдары Қазақстан Республикасының және олар аумағында орналасқан мемлекеттің заңнамасына сәйкес құрылады және жабылады.

### **5 бап. Банк деректемелері**

1. Банктің өз қызметін жүзеге асыруға қажетті мөрі, бланклері, эмблемалары және басқа деректемелері бар.

2. Банк деректемелері бір немесе одан артық жұмыс тілінде ресімделеді: мемлекеттік, орыс және ағылшын.

### **6 бап. Банктің орналасқан орны**

1. Банктің орналасқан орны Банк Басқармасы орналасқан орын болып табылады: Қазақстан Республикасы, 050051, Алматы қ., Медеу ауданы, Достық даңғылы, 172, 8 қабат.

## II бөлім. Банктің қызметі

### 7 бап. Банктің мақсаты, қызметінің түрі және мерзімі

1. Банктің мақсаты табыс алу болып табылады.

2. Банк уәкілетті мемлекеттік органның лицензиясы болған жағдайда банкілік операцияларды және Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге операцияларды жүзеге асырады. Банк уәкілетті мемлекеттік орган берген лицензиясы болған жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес құнды қағаздар нарығында кәсіби қызметті жүзеге асырады. Осы Жарғыдағы «Қызмет» банкілік қызметті, сонымен катар бүкіл іс-әрекетті және іс-әрекетке қатысты немесе оған байланысты операцияларды білдіреді.

3. Банк банкілік операцияларды ұлттық валютада, сонымен катар, уәкілетті мемлекеттік органның шетелдік валютамен банкілік операциялар жүргізуге лицензиясы болған жағдайда шетелдік валютада жүзеге асырады.

4. Банк Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қолданыстағы заңнамамен тыыйым салынбаған өзге қызмет түрлерін жүзеге асыруға құқылы.

Егер қандай да бір қызмет түрін жүзеге асыруға уәкілетті органдардың (лицензиарлардың) арнайы рұқсаты (лицензиясы, сертификаты) қажет болған жағдайда Банк ондай қызмет түрін тек тиісті рұқсатты (лицензияны, сертификатты) алғаннан кейін және солар бойынша жүргізеді.

5. Банк қызметінің мерзімі шектелмейді.

## III бөлім. Банктің мұлігі мен капиталы

### 8 бап. Банктің мұлігі

1. Банктің мұлігі оған меншік құғымен тиесілі.

2. Банктің мұлігі келесілердің есебінен қалыптасады:

- акционерлердің Жарғылық капиталға салымынан;
- қызмет нәтижесінде алынған табыстардан;
- басқа негіздер бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес алынған мұлік.

### 9 бап. Банкінің жарғылық және меншік капиталы

1. Банктің жарғылық капиталы номиналдық құны бойынша құрылтайшылардың акцияларды төлеу және АҚ туралы заң талаптарына сәйкес белгіленген акцияларды орналастыру құны бойынша инвесторларға акцияларды сату жолымен қызметті қамтамасыз ету үшін қалыптастырылады

2. Акционерлердің жарғылық капиталға салған салымы Банктер туралы заңда қарастырылғаннан өзге жағдайларда тек Қазақстан Республикасының ұлттық валютасынан тұрады және Банктер туралы заңға сәйкес енгізіледі.

3. Банк өз акцияларын шығаруды құжатсыз нысанда жүзеге асырады. Құнды қағаздар ұстаушылар реестрі жүйесін жүргізуі тәуелсіз тіркеуші жүзеге асырады.

4. Егер акционерлер Банк белгілеген мерзімде жарғылық капиталға өз бөлігін төлемесе, онда олар Банкке төленбеген бөлік сомасына тұрақсыздық төлеуге міндettі. Тұрақсыздық мөлшері Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкісі белгіленген қайта қаржыландырудың ресми мөлшерлемесін ескере отырып, есептеледі.

5. Акционерді акцияны төлеу міндетінен босатуға, оның ішінде талапты ескеру жолымен босатуға жол берілмейді.

6. Банктің меншік капиталы – бұл Банк міндеттемелері құнының сомасы шегерілген оның активтерінің құны, мұнда активтер құны Банк активтерінің бастапқы құнынан берілген зайдар мен басқа активтер бойынша қажетті резерв (провизия) сомасын шегеру жолымен есептеледі.

Банк міндеттемесінің құны оның активтерінің құнынан артық болса Банк капиталы теріс болып табылады.

#### **10 бап. Банктің жарғылық капиталын өзгерту**

1. Жарғылық капиталды өзгерту жарғылық капиталды ұлғайту жолымен жүзеге асырылады.

2. Банктің жарғылық капиталын ұлғайту тек Акционерлердің жалпы жиналышының немесе АҚ туралы занға сәйкес сот шешімі бойынша жарияланған акцияларды орналастыру тәртібімен жүзеге асырылады.

#### **11 бап. Банк акциялары, облигациялар. Банктің құнды қағаздарын орналастыру шарттары**

1. Банк қарапайым акциялар шығаруға құқылы.

Акция – Банк шығаратын және Банкті басқаруға катысуга, ол бойынша дивиденд алуға және жойылған жағдайда Банк мүлігінің бір бөлігін алу құқықты, сонымен қатар АҚ туралы занда және Қазақстан Республикасының басқа заңнамалық актілерінде қарастырылған өзге құқықтарды растайтын құнды қағаз.

2. Акция құны Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен белгіленеді.

3. Акциялар бөлінбейді. Бір акция бірнеше тұлғага тиесілі болған жағдайда олардың барлығы Банкке қатысты бір акционер деп танылады және өз құқықтарын ортақ өкіл арқылы жүзеге асырады.

4. Акция ұстаушылар реестрлері жүйесін қалыптастыру және жүргізу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

5. Акциялардың шығарылуы мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін Банк өз акцияларын жарияланған акциялар саны шегінде бір немесе бірнеше орналастыру жолымен орналастыруға құқылы. Акцияларды орналастыру аукциондар өткізу немесе жазылу жолымен жүзеге асырылады.

6. Банк жазылу жолымен орналастырган акциялар осы орналастыру шегінде акцияларды артықшылыққа ие сатып алу құқығына сәйкес сатып алғанда акционерлерден өзге Директорлар кеңесі белгілеген барлық тұлғалар үшін бірдей орналастыру бағасымен сатуға жатады.

Акционерлер артықшылыққа ие сатып алу құқығына сәйкес акция сатып алғанда Директорлар кеңесі белгілеген акция орналастырудың бірдей бағасымен сатып алады.

7. Қосымша қаржы жұмылдыру үшін Банк Қазақстан Республикасының құнды қағаздар нарығы туралы заңнамасына сәйкес облигациялар және туынды құнды қағаздар шығаруға құқылы.

8. Облигациялар мен туынды құнды қағаздар шығару және сатып алу шарттары мен тәртібі, олар бойынша төлемдер, оларды өткізуден түскен қаржыны өтеу және пайдалану Қазақстан Республикасының құнды қағаздар нарығы туралы заңнамасымен анықталады.

9. Банк конвертацияланатын құнды қағаздар шығаруға құқылы. Акцияларға конвертацияланатын банктің құнды қағаздарын шығаруға Банк жариялаган және орналастырган акциялар арасындағы айырмашалық шегінде жол беріледі.

Банктің құнды қағаздарын конвертациялау шарттары мен тәртібін, сонымен қатар оларды өзгертуді акционерлердің Жалпы жиналышы анықтайды.

#### **12 бап. Банктің құнды қағаздарын кепілге салу**

1. Банк акционерлері өздеріне тиесілі акцияларын кепілге салуға құқылы.

2. Банк акционері акционерлердің Жалпы жиналышында дауыс құқығына және өздері кепілге салған акциялар бойынша дивидендер алу құқығына ие, егер кепіл шартымен басқаша қарастырылмаған болса.

3. Банк олар орналастырған құнды қағазды кепілге ала алады, егер:
- а) кепілге берілетін құнды қағаздар толығымен төленген болса;
  - б) Банкке кепілге берілген акциялардың және онда сол кезде кепілде тұрған акциялардың жалпы саны Банк сатып алған акциялардан өзге Банк орналастырған акциялардың 25 пайызынан артық шаманы құрайтын болса;
  - в) кепіл туралы шартты банктің Директорлар кеңесі макұлдаған болса.

### **13 бап. Таза табысты бөлу тәртібі**

1. Банктің таза пайдасы (салық пен бюджетке төленетін басқа төлемдерді төлегеннен кейін) акционерлердің Жалпы жиналышының шешімі бойынша Банктің резервтік капиталын қалыптастыруға (толықтыруға) жолданады, дивидендер түрінде акционерлер арасында болінеді, сонымен қатар Банкті дамытуға немесе акционерлердің Жалпы жиналышының шешімімен қарастырылған өзге мақсаттарға жолданылуы мүмкін.

2. Банктің резервтік капиталы Банктің таза табысы есебінен дивидендер түрінде бөлуге және өзге мақсаттарда қолдануға қатысты басымдық тәртіпте қалыптастырылады (толықтырылады).

3. Банк салық пен бюджетке төленетін басқа төлемдерді төлегеннен кейін таза табыстың белгілі бір пайызын лауазымды тұлғалар мен қызметкерлер арасында бөлуге, оның ішінде Қазақстан Республикасының заннамалық актілері белгілеген талаптарды сақтай отырып, ақшалай сыйақы немесе акция түрінде бөлуге құқылы.

### **14 бап. Банктің резевтік капиталы мен қорлары**

1. Резервтік капитал, күмәнді және үмітсіз қарыздар бойынша провизиялар қоры, негізгі қорды қайта бағалау қоры, құнды қағаздарды қайта бағалау қоры банктің таза табысының белгілі бір мөлшерін аудару жолымен қалыптастырылады (толықтырылады). Мұндай аударымдар мөлшерін акционерлердің Жалпы жиналышы аныктайды.

2. Резервтік капиталды, күмәнді және үмітсіз қарыздар бойынша провизиялар қорын, негізгі қорды қайта бағалау қорын, құнды қағаздарды қайта бағалау қорын пайдалану тәртібін Директорлар кеңесі аныктайды.

3. Басқарманың бастамасы бойынша Директорлар кеңесінің шешімімен Банк Қазақстан Республикасының заннамасына сәйкес осы бапта көрсетілмеген басқа мақсатты және арнайы қорлар құрылуы мүмкін.

### **15 бап. Банк акциялары бойынша дивидендер**

1. Банк акциялары бойынша дивидендердің ақшалай немесе банктің құнды қағаздары түрінде төленеді, егер дивидендерді төлеу туралы шешім акционерлердің Жалпы жиналышында артықшылыққа ие акциялар бойынша дивидендерден өзге Банктің дауыс беруші акцияларының қарапайым көпшілігімен қабылданған болса.

Банк акциялары бойынша дивидендерді оның құнды қағаздары түрінде төлеуге болады, егер мұндай төлем акционердің келісімі болған жағдайда Банктің жарияланған акцияларымен және Банк шығарған облигациялармен жүзеге асырылатын болса.

Дивидендер алуға құқылы акционерлердің тізімі дивидендерді төлеуді бастайтын күннің алдындағы күні жасалған болуы тиіс.

2. Банк акциялары бойынша дивидендерді төлеу кезеңділігі акция шығару проспектісімен анықталады.

3. Банк акциялары бойынша дивидендерді төлеу төлем агенті арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Төлем агентінің қызметін төлеу Банк есебінен жүргізіледі.

4. Дивидендтер Банк орналастырмаған және сатып алмаған акциялар бойынша, сонымен қатар, сот немесе Банк акционерлерінің Жалпы жиналысы оны жою туралы шешім қабылдаған болса есептелмейді және төленбейді.

5. Банктің қарапайым акциялары бойынша дивидендтер есептеуге жол берілмейді:

- меншік капитал теріс болған жағдайда немесе Банктің меншік капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде теріс болатын болса;
- егер Банк төлем қабілетсіздік немесе Қазақстан Республикасының банкроттық заңнамасына сәйкес жағдайы жоқтық белгілеріне жауап беретін болса немесе көрсетілген белгілер Банкте оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде пайда болатын болса.

6. Акционер Банк берешегінің пайда болу мерзіміне қарамастан алынбаған дивидендтерін төлеуді талап етуге құқылы.

Төлеу белгіленген мерзімде дивидендтер төленбеген жағдайда акционерге дивидендтің негізгі сомасы мен ақша міндеттемесі немесе оның тиісті бөлігін орындау күні Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландырудың ресми мөлшерлемесін ескере отырып, есептелген өсімақсызы төленеді.

7. Тоқсан немесе жартышылдық қорытындысінде Банктің қарапайым акциялары бойынша дивидендтер төлеу тиісті кезең ішіндегі Банктің қаржылық есептілігіне аудит жүргізілгеннен кейін және акционерлердің Жалпы жиналысының шешімі бойынша жүзеге асырылады. Жыл қорытындысінде Банктің қарапайым акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімді акционерлердің Жалпы жиналысы қабылдайды.

8. Акционерлердің Жалпы жиналысының дивидендтер төлеу туралы шешімі мұндай шешім қабылданған күннен бастап он жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануы тиіс.

9. Дивидендтер төлеу туралы шешімі АҚ туралы заң талаптарына сәйкес болуы тиіс.

10. Дивидендтері төленбеген акцияларды шеттету акцияның жаңа меншік иесінің сол дивидендтерді алу құқығымен бірге жүзеге асырылады, егер акцияларды шеттету туралы шартта басқаша қарастырылмаған болса.

#### **IV бөлім. Банк акционерлері.**

##### **16 бап. Банк акционерлері**

- Банк акционерлері жеке және занда тұлғалар болып табылады.
- Акционерлер саны шектелмейді, акционерлер құрамы Банктер туралы заң қағидаларымен шектеледі.

##### **17 бап. Банк акционерлерінің құқықтары**

- Банк акционерлерінің құқықтары бар:
  - АҚ туралы занда және осы Жарғыда қарастырылған тәртіpte Банкті басқаруға катысуға;
  - дивидендтер алуға;
  - Банк қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде акционерлердің Жалпы жиналысында және осы Жарғыда анықталған тәртіpte Банктің қаржылық есептілігімен танысуға;
  - тіркеушіден немесе номинальды ұстаушыдан Банктің құнды қағаздарына меншік құқықтарын растайтын көшірмелер алуға;
  - акционерлердің Жалпы жиналысына Банктің Директорлар кеңесіне сайлауға кандидатура ұсынуға;
  - сот тәртібінде Банктің органдары қабылдаған шешімдерге дау келтіруге;

- ж) Банкке оның қызметі туралы жазбаша сұраныспен жүгінуге және Банкке сұраныс түсken күннен бастап отыз күн ішінде дәлелді жауап алуға;
- 3) Банк жойылған жағдайда оның мүлігінің бір бөлігіне ие болуға;
- и) заннамалық актілерде қарастырылғаннан өзге жағдайларда акцияларды және АҚ туралы заңда белгіленген тәртіpte Банктің акцияларына конвертацияланған басқа күнді қағаздарды артықшылықпен сатып алуға;
- к) акцияларды сатып алу туралы ұсыныс жарияланған күннен бастап 30 күн ішінде бір тұлға өз бетінше немесе бірнеше аффилирленген тұлғалармен бірлесе отырып, Банктің дауыс беретін акцияларының 30 және одан көп пайзызын сатып алғысы келген жағдайда өзіне тиесілі Банк акцияларын сату туралы ұсынысты қабылдауға және осы ұсынысты жариялаған тұлға акцияларды сатып алушдан бас тартқан жағдайда сот тәртібінде оған карсы шағымдануға;
- л) АҚ туралы заңда анықталған жағдайларда және тәртіpte Банктен акцияны сатып алушды талап етуге;
- м) өз бетінше немесе басқа акционерлермен бірлесе отырып, Банктің дауыс беруші акцияларының бес және одан көп пайзызына ие болған жағдайда АҚ туралы заңда қарастырылған жағдайларда өз атынан Банкке Банктің лауазымды тұлғалары келтірген шығындарды өтеу және Банкке өзі жасалуына мүдделі болып келетін Банктің лауазымды тұлғаларының және (немесе) аффилирленген тұлғалардың ірі мәміле және (немесе) мәмілелер жасау (жасауға ұсыныс) туралы шешім қабылдауы нәтижесінде олар алған пайданы (табысты) қайтару туралы талаппен сот органдарына жүгінуге.

2. Ipi акционерлер сонымен қатар келесі құқыларға ие:

- а) акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыруды талап етуге немесе Директорлар кеңесі акционерлердің Жалпы жиналысын шақырудан бас тартқан жағдайда сотқа талап арызбен жүгінуге;
- б) Директорлар кеңесіне АҚ туралы заңға сәйкес акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша сұрақтар енгізуі ұсынуға;
- в) Директорлар кеңесі мәжілісін шақыруды талап етуге;
- г) өз есебінен аудиторлық ұйымның Банкке аудит жүргізуін талап етуге;
- д) Басқарма Төрағасының лауазымына; кез келген келесі лауазымдарға кандидатура ұсынуға: қазынашы, тәуекел-менеджер, бөлшек банкинг бөлімшесінің басшысы және Банктің ішкі саясатына сәйкес Басқарма Төрағасы тағайындастын және Директорлар кеңесі бекітетін «Негізгі менеджерлер тобына» жататын негізгі позицияларға басқа қызметкерлер және Директорлар кеңесінің бекітуіне ұсынғанға дейін Банктің еншілес үйімы орналасқан елдің заңнамасына сәйкес басшы қызметкерлер болып табылатын Банктің еншілес ұйымдарының басқа лауазымдары.

3. Акционердің АҚ туралы заңда, Қазақстан Республикасының өзге нормативтік құқықтық актілерінде және осы Жарғыда қарастырылған басқа құқықтары болуы мүмкін.

## 18 бап. Банк акционерлерінің міндеттері

1. Банк акционерлері міндетті:

- а) акцияларды төлеуге;
- б) он күн ішінде тіркеушіге және сол акционерлерге тиесілі акциялардың номиналды ұстаушыларына Банк акцияларын ұстаушылар реестрі жүйесіне енгізуге қажетті мәліметтердің өзгергені туралы хабарлауға;
- в) Банк туралы және қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын басқа қупияны құрайтын Банк қызметі туралы ақпаратты жария етпеуге;
- г) уәкілдік мемлекеттік органның талабы бойынша құрылтайлық құжаттарды және Банктің ірі қатысушыларын немесе олардың қаржылық ахуалдарын анықтауға қажетті басқа ақпаратты ұсынуға;

д) АҚ турлы заңға және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес басқа міндеттерді орындауға.

## **V бөлім. Банк органдары. Банк органдарының құрылу тәртібі, құзіреттері және олардың қызметтерін ұйымдастыру тәртібі**

### **19 бап. Банк органдары**

1. Банк органдары болып табылады:
  - а) жоғары орган - акционерлердің Жалпы жиналышы;
  - б) басқарушы орган - Директорлар кеңесі;
  - в) атқарушы орган – Басқарма Төрағасы басқаратын Басқарма;
  - г) АҚ туралы заңға, Қазақстан Республикасының басқа нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес басқа органдар.
2. Банк АҚ туралы заңға, Қазақстан Республикасының басқа нормативтік құқықтық актілеріне және Банк Жарғысына сәйкес басқа органдар құра алады.

### **20 бап. Акционерлердің Жалпы жиналышы**

1. Акционерлердің Жалпы жиналышы жылдық және кезектен тыс болып бөлінеді. Банк жыл сайын акционерлердің Жалпы жиналышын өткізуге міндетті. Акционерлердің басқа Жалпы жиналышы кезектен тыс болып табылады.

2. Акционерлердің жылдық Жалпы жиналышы келесі сұрақтарға қатысты шешім қабылдайды:

- а) Банктің жылдық қаржылық есептілігін бекіту;
- б) өткен каржы жылы үшін таза табысты бөлу тәртібін және бір қарапайым акцияға есептегендегі дивидендтер мөлшерін анықтау;
- в) акционерлердің Банк қызметіне және оның лауазымды тұлғаларына, сондай-ақ оларды қарау қорытындысына қатысты өтініштерін қарау.

Директорлар кеңесінің Төрағасы акционерлерді Директорлар кеңесі мен Банк Басқармасы мүшелеріне берілетін сыйақылар мөлшері мен құрамы туралы ақпараттандырады.

Акционерлердің жылдық Жалпы жиналышы басқа сұрақтарды да қарауга құқылы, олар бойынша шешімдер қабылдау акционерлердің Жалпы жиналышының құзіретіне жатқызылады.

3. Акционерлердің жылдық Жалпы жиналышы әр қүнтізбе жылышын 30 сәуірмен қоса сол күнге дейін өткізіледі.

### **21 бап. Акционерлердің Жалпы жиналышының құзіреті**

1. Акционерлердің Жалпы жиналышының ерекше құзіретіне келесі сұрақтар жатады:

- а) Банк Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;
- б) корпоративтік басқару кодексін бекіту және оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу;
- в) Банкті ерікті қайта құру немесе жою;
- г) Банктің жарияланған акцияларының санын көбейту туралы немесе Банктің орналастырылмайтын жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;
- д) Банктің құнды қағаздарын конвертациялау, сонымен қатар оларды өзгерту шарты мен тәртібін анықтау;
- е) санау комиссиясының сандық құрамын, оның уәкілеттілігінің мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және олардың уәкілеттілігін мерзімінен ерте тоқтату;

- ж) Директорлар кеңесінің сандық құрамын, уәкілеттілік мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және олардың уәкілеттілігін мерзімінен ерте тоқтату, сонымен қатар Директорлар кеңесі мүшелеріне сыйақы төлеу мөлшері мен шарттарын анықтау;
- з) жылдық қаржылық есептілікті бекіту;
- и) банктің қарапайым акциялары бойынша дивидендтер төлемеу туралы шешім қабылдау;
- к) банктің басқа заңды тұлғалар құруға немесе олардың қызметіне қатысуы немесе басқа заңды тұлғалар қатысушылары (акционерлері) құрамынан Банкке тиесілі барлық активтердің жиырма бес (25%) және одан жоғары пайызын құрайтын сомада активтің бір бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру (алу) жолымен шығуы туралы шешім қабылдау;
- л) Банктің акционерлердің Жалпы жиналышын шақыру туралы хабарламасының формасын анықтау және мұнданың ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында орналастыру туралы шешім қабылдау;
- м) Банк АҚ туралы занға сәйкес акцияларды сатып алғанда олардың құнын анықтау әдістемесіне енгізілген өзгерістерді бекіту (оны бекіту, егер әдістемені құрылтайшылар жиналасы бекітпеген болса);
- н) акционерлердің Жалпы жиналышының құн тәртібін бекіту;
- о) акционерлерге Банк қызметі туралы ақпарат ұсыну тәртібін анықтау, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарын анықтау;
- п) «алтын акцияларды» енгізу және жою;
- р) Банк аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды анықтау;
- с) есептік қаржы жылындағы Банктің таза табысын бөлу тәртібін бекіту, қарапайым акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және банктің бір қарапайым акциясына есептегендегі дивиденд мөлшерін бекіту;
- т) Банк акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;
- у) Банктің қарапайым акцияларына конвертацияланатын құнды қағаздар шығару туралы шешім қабылдау;
- ф) бір түрдегі орналастырылған акцияны басқа түрге ауыстыру туралы шешім қабылдау, мұнда ауыстыру шарттары мен тәртібін анықтау;
- х) АҚ туралы занға, Қазақстан Республикасының басқа нормативтік құқықтық актілеріне және осы Жарғыға сәйкес акционерлердің Жалпы жиналышының ерекше құзіретіне жататын басқа сұрақтар.

2. Акционерлердің Жалпы жиналышы осы баптың 1 тармағының а) - г) тармақшаларында көрсетілген сұрақтар бойынша Банк акцияларының жалпы санының білікті көпшілігімен шешім қабылдайды.

Акционерлердің Жалпы жиналышының басқа сұрақтар бойынша шешімі дауыс беруге қатысатын Банктің дауыс беретін акцияларының жалпы санының қарапайым көпшілік дауысымен қабылданады, егер АҚ туралы занда және осы Жарғыда өзгеше қарастырылмаған болса.

Олар бойынша шешім қабылдау акционерлердің Жалпы жиналышының ерекше құзіретіне жатқызылған сұрақтарды басқа органның, Банктің лауазымды тұлғасының және қызметкерінің құзіретіне беруге жол берілмейді, егер АҚ туралы занда және Қазақстан Республикасының басқа заннамалық актілерінде өзгеше қарастырылмаған болса.

3. Акционерлердің Жалпы жиналышы Банктің ішкі қызметіне жататын сұрақтар бойынша Банктің өзге органдарының кез келген шешімін жоюға құқылы.

## **22 бап. Акционерлердің Жалпы жиналышын шақыру тәртібі**

1. Акционерлердің жылдық Жалпы жиналышын Директорлар кеңесі шақырады.
2. Акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналышы келесілердің бастамасымен шақырылады:

- а) Директорлар кеңесінің;
- б) ірі акционердің.

Еркіті жою процесіндегі Банктің акционерлерінің кезектен тыс Жалпы жиналысын Банктің жою комиссиясы шақыруы, әзірлеуі және өткізуі мүмкін.

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілері Акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын міндетті шақырту жағдайын қарастыруы мүмкін.

3. Акционерлердің Жалпы жиналысын әзірлеуді және өткізуді жүзеге асырады:

- а) Банк Басқармасы;
- б) Тіркеушімен жасалған шартқа сәйкес Банк тіркеушісі;
- в) Директорлар кеңесі;
- г) Банктің жою комиссиясы.

4. Акционерлердің Жалпы жиналысын шақыру, әзірлеу және өткізу бойынша шығындарды АҚ туралы занда белгіленгеннен өзге жағдайларда Банк көтереді.

5. Акционерлердің жылдық Жалпы жиналысы Банк органдары акционерлердің жылдық Жалпы жиналысын шақыру тәртібін бұзған жағдайда кез келген мүдделі тұлғаның талап арызы бойынша қабылданған сот шешімінің негізінде шақырылуы және өткізілуі мүмкін.

Акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысы Банк органдары Банктің ірі акционерінің акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын өткізу туралы талабын орындаған болса оның талап арызы бойынша қабылданған сот шешімінің негізінде шақырылуы және өткізілуі мүмкін.

### **23 бап. Ирі акционердің бастамасымен акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыру және өткізу ерекшеліктері.**

1. Ирі акционердің акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыру туралы талабы Басқарма орналасқан орын бойынша Директорлар кеңесіне тиісті жазбаша хабарлама жолдау арқылы тапсырылады, бұл жазбада шақыртылатын кезектен тыс жиналыстың күн тәртібі мазмұндалады.

2. Директорлар кеңесінің күн тәртібі сұрағының мазмұндалуына өзгеріс енгізуге және ірі акционердің талабы бойынша шақыртылған акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын өткізудің ұсынылған тәртібін өзгертуге құқығы жок.

Акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысы шақыртылған жағдайда қойылатын талаптарға сәйкес Директорлар кеңесі жалпы жиналыстың күн тәртібін өз қалауы бойынша кез келген сұрақпен толықтыруға құқылы.

3. Акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақырту туралы талап ірі акционерден (акционерлерден) түскен жағдайда талапта мұндай жиналысты шақыртууды талап еткен ірі акционердің (акционерлердің) аты және оған тиесілі акциялардың саны мен түрі көрсетілуі тиіс.

Акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақырту туралы талапқа акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақырту туралы талап қойған тұлға (тұлғалар) қол қояды.

4. Көрсетілген талапты алғаннан кейін он жұмыс күні ішінде Директорлар кеңесі шешім қабылдауы және мұндай шешім қабылданған сәттен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей бұл талапты қойған тұлғаға акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақырту туралы шешім қабылданғаны жөнінде немесе оны шақыртудан бас тартылғаны жөнінде хабарлама жолдауы тиіс.

5. Директорлар кеңесінің ірі акционердің талабы бойынша акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыртудан бас тарту туралы шешімі қабылданады, егер:

- 1) осы балта белгіленген акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақырту туралы талап қою тәртібі сақталмаған болса;
- 2) Акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысының күн тәртібіне қоюға ұсынылған

сұрақтар Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкеспейтін болса.

Директорлар кеңесінің акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыртудан бас тарту туралы шешімі сот арқылы бұзылуы мүмкін.

6. АҚ туралы заңмен белгіленген мерзім ішінде Директорлар кеңесі қойылған талап бойынша акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақырту туралы шешім қабылданмаған болса, талап қойған тұлға Банктің акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын өткізуге міндеттеу туралы талап арызбен сотқа жүгінуге құқылы.

#### **24 бап. Акционерлердің Жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар акционерлер тізімі**

1. Акционерлердің Жалпы жиналысына қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар акционерлер тізімін Банк акцияларын ұстаушылар реестрі жүйесінің деректері негізінде Банктің тіркеушісі құрастырады. Көрсетілген тізімді құрайтын күн Жалпы жиналыс өткізу туралы шешім қабылданған күннен ерте белгіленбеуі тиіс.

Акционерлер тізіміне енгізілуі тиісті мәліметтерді уәкілетті мемлекеттік орган анықтайды.

2. Акционерлердің Жалпы жиналысына қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар акционерлер тізімі жасалып қойғаннан кейін осы тізімге енгізілген тұлға өзіне тиесілі Банктің дауыс беруші акцияларын шеттету жүргізген жағдайда акционерлердің Жалпы жиналысына қатысу құқығы жаңа акционерге беріледі. Бұл ретте акцияға меншік құқығын растайтын құжаттар тапсырылуы тиіс.

#### **25 бап. Жалпы жиналыс өткізілетін күн, уақыт және орын**

1. Жалпы жиналыс өткізілетін күн мен уақыт оған қатысуға құқығы бар тұлғалардың жиналысқа барынша көпшілігі қатыса алғатындей болып белгіленуі тиіс.

Акционерлердің Жалпы жиналысы Басқарма орналасқан елді мекенде өткізілуі тиіс.

2. Акционерлердің Жалпы жиналысына қатысушыларды тіркеу уақыты мен жиналысты өткізу уақыты санау комиссиясына (жиналыс хатшысына) жиналысқа қатысушыларды тіркеу жүргізуге, олардың санын санауға және жиналыс кворумының болуын анықтауға жеткілікті болатындей етіп қамтамасыз етілуі тиіс.

#### **26 бап. Акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу туралы ақпарат**

1. Акционерлер алда болатын Жалпы жиналыс туралы жиналыс белгіленген күннен отыз күнтізбе күні бұрын, сырттай немесе аралас дауыс берілетін жағдайда – жиналыс өткізілетін күннен қырық бес күнтізбе күні бұрын уақыттан кешіктірмей хабардар етілуі тиіс.

Күн тәртібіне Банктің жарияланған акцияларының санын көбейту туралы сұрақ енгізілген Банк акционерлерінің Жалпы жиналысын өткізген жағдайда пруденциальдық және Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген басқа нормаларды және лимиттерді орындау мақсатында, уәкілетті органның талабы бойынша акционерлер алда болатын акционерлердің Жалпы жиналысы өткізілетіні туралы он жұмыс күн бұрын уақыттан кешіктірмей, ал сырттай немесе аралас дауыс берілетін жағдайда – жиналыс өткізілетін күннен он бес жұмыс күн бұрын мерзімнен кешіктірмей хабардар етілуі тиіс.

2. АҚ туралы заң талаптарына сәйкес мәліметтер берілген акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама әр акционерге факспен немесе электрондық поштамен және жөнелтушіге жеткізілген туралы растау тапсыратын курьерлік компания арқылы жолданады. Мерзімін есептей жазбаша хабарламаны пошта арқылы жөнелту күнінен бастап жүргізіледі.

Акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу туралы хабарламаны «Егемен Қазақстан», «Казахстанская правда» бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға болады, егер Банк акционерлерінің саны елу акционерден артық болса.

### **27 бап. Акционерлердің қайталама Жалпы жиналысы**

1. Акционерлердің Жалпы жиналысында кворум болмаган жағдайда акционерлердің Жалпы жиналысын қайтадан өткізу акционерлердің Жалпы жиналысы болмай қалған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбе күні өткеннен кейін келетін бірінші жұмыс күніне ауыстырылады. Акционерлердің қайталама Жалпы жиналысы Жалпы жиналыс болмай қалған уақытта және сол орында өткізіледі.

Акционерлерге акционерлердің қайталама Жалпы жиналысы өткізілетіні туралы осы Жарғының 30 бабының 2 тармағанда қарастырылған акционерлердің қайталама Жалпы жиналысын өткізуге қойылатын талаптар көрсетіле отырып, хабарлануы тиіс. Акционерлердің қайталама Жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама әр акционерге факс бойынша немесе электрондық пошта және курьерлік компания арқылы жолданады.

Акционерлерге акционерлердің қайталама Жалпы жиналысы өткізілетіні туралы хабарламаны «Егемен Қазақстан», «Казахстанская правда» бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға болады, егер Банк акционерлерінің саны елу акционерден артық болса.

2. Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібінің болмай қалған жиналыстың күн тәртібінен айырмашылығы болмауы тиіс.

### **28 бап. Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібі**

1. Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібін Директорлар кеңесі қалыптастырады және онда талқылауға шығарылатын нақты мазмұндалған сұрақтардың толық тізбесі көрсетілуі тиіс.

Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібін ірі акционер немесе Директорлар кеңесі толықтыруы мүмкін, егер Банк акционерлеріне мұндай толықтыру туралы Жалпы жиналысты өткізетін күнге дейін он бес күн бүрін мерзімнен кешіктірмей немесе осы баптың 4 тармағында белгіленген тәртіпте хабарланған болса.

2. Көзбе-көз тәртіпте өткізілетін акционерлердің Жалпы жиналысын ашқанда Директорлар кеңесі күн тәртібін өзгерту туралы өздері алған ұсыныстар жайлы баяндауға міндетті.

3. Күн тәртібін бекіту жиналысқа ұсынылған дауыс беруші акциялардың жалпы санының көпшілік дауысымен жүзеге асырылады.

4. Күн тәртібіне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілуі мүмкін, егер оларды енгізуге акционерлердің Жалпы жиналысына қатысып отырган акционерлердің (немесе олардың өкілдерінің) және жиынтығында Банктің дауыс беруші акцияларының тоқсан бес пайызынан кем болмайтын көпшілігі дауыс берген болса.

Акционерлердің Жалпы жиналысы сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдаған жағдайда Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібі өзгертилмейді және (немесе) толықтырылмайды.

5. Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібіне енгізілмеген сұрақтарды қарауга және олар бойынша шешім қабылдауға құқығы жоқ.

### **29 бап. Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібінің сұрақтары бойынша материалдар**

1. Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібінің сұрақтары бойынша материалдарда осы сұрақтар бойынша негізді шешімдер қабылдау үшін қажетті көлемдегі ақпарат болуы тиіс.

2. Банк органдарын сайлау сұрақтары бойынша материалдарда АҚ туралы заң талаптарына сәйкес анықталған ақпарат болуы тиіс.

3. Акционерлердің жылдық Жалпы жиналышының күн тәртібінің сұрақтары бойынша материалдарда АҚ туралы заң талаптарына сәйкес мәліметтер болуы тиіс.

4. Акционерлердің Жалпы жиналышының күн тәртібінің сұрақтары бойынша материалдар жиналышы өткізілетін күнге дейін он күн бұрын уақыттан кешіктірмей акционерлердің танысының үшін дайын және Басқарма орналасқан орында қол жетімді күйде болуы тиіс, ал акционерлерден сұраныс болған жағдайда – сұраныс алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде оған жолдануы тиіс.

### **30 бар. Акционерлердің Жалпы жиналышының кворумы**

1. Акционерлердің Жалпы жиналышы күн тәртібіндегі сұрақтарды қарауға және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы, егер жиналышы қатысушыларын тіркеуді аяқтау сәтіне жиналышқа қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар акционерлердің тізіміне енгізілген, жиынтығында Банктің дауыс беруші акцияларының елу (50%) және одан артық пайзызына ие акционерлер немесе олардың өкілдері тіркелген болса.

2. Болмай қалғанының орнына өткізілетін акционерлердің қайталама Жалпы жиналышы күн тәртібіндегі сұрақтарды қарауға және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы, егер:

- а) кворум жоқтығы себебінен болмай қалған акционерлердің Жалпы жиналышының шақыру тәртібі сақталған болса;
- б) оған қатысуға тіркелу аяқталу сәтінде Банктің дауыс беруші акцияларының қырық (40%) және одан артық пайзызына ие акционерлер немесе олардың өкілдері, оның ішінде сырттай дауыс беруші акционерлер тіркелген болса.

3. Акционерлер сырттай дауыс беруге арналған бюллетендер жіберген жағдайда көрсетілген бюллетендерде берілген және Банк Жалпы жиналышы қатысушыларын тіркеу сәтіне алған дауыстар кворумды анықтағанда және дауыс беру қорытындысының шығарғанда ескеріледі.

Сырттай дауыс беру арқылы акционерлердің Жалпы жиналышының өткізгенде кворум жоқ болған жағдайда акционерлердің қайталама Жалпы жиналышы өткізілмейді.

### **31 бап. Санau комиссиясы (жиналыш хатшысы)**

1. Егер Банк акционерлерінің саны жүзден кем болса, санау комиссиясының қызметін акционерлердің Жалпы жиналышының хатшысы атқарады. Санau комиссиясы кандидаттарына АҚ туралы заң қойған шектеулер сәйкесінше жиналыш хатшысына қолданылады.

2. Санau комиссиясы (жиналыш хатшысы):

- а) акционерлердің Жалпы жиналышына қатысуға келген тұлғалардың уәкілеттілігін тексереді;
- б) акционерлердің Жалпы жиналышының қатысушыларын тіркейді және оларға акционерлердің Жалпы жиналышы күн тәртібінің сұрақтары бойынша материалдар береді;
- в) сырттай дауыс беру үшін алынған бюллетендердің жарамдылығын анықтайды және қолдануға жарамды бюллетендер мен күн тәртібінің әр сұрағы бойынша оларда көрсетілген дауыстар санын санайды;
- г) акционерлердің Жалпы жиналышының кворумының болуын анықтайды, оның ішінде жиналыш өткізулетін бүкіл уақыт бойы кворумының барлығы немесе жоқтығы туралы хабарлайды;
- д) акционерлердің Жалпы жиналышында акционерлердің құқықтарын жүзеге асыру сұрақтарын түсіндіреді;

- е) акционерлердің Жалпы жиналышы қараптар бойынша дауыстарды санайды және дауыс беру қорытындысын шыгарады;
- ж) акционерлердің Жалпы жиналышындағы дауыс беру қорытындысы туралы хаттама құрастырады;
- з) Банк мұрғатына дауыс беру бюллетенъдері мен дауыс беру қорытындысы туралы хаттаманы тапсырады.

3. Санау комиссиясы (жиналыш хатшысы) акционерлердің Жалпы жиналышында дауыс беру үшін толтырылған бюллетенъдердегі ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз етеді.

### **32 бап. Акционерлердің Жалпы жиналышындағы өкілдік**

1. Акционердің акционерлердің Жалпы жиналышына жеке өзінің немесе өз өкілі арқылы қатысуға және қаралатын сұрапттар бойынша дауыс беруге құқығы бар.

Банк Басқармасының мүшелерінің акционерлердің Жалпы жиналышында өкіл ретінде әрекет етуге құқығы жоқ.

Банк қызметкерлерінің акционерлердің Жалпы жиналышында өкіл ретінде әрекет етуге құқығы жоқ, мұндай өкіл болу акционерлердің Жалпы жиналышының күн тәртібінің барлық сұрапттары бойынша дауыс беру туралы анық нұсқаулар көрсетілген сенімхатқа негізделгеннен өзге жағдайда.

Акционердің өкілі Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарына сәйкес хатталған сенімхат негізінде әрекет етеді.

2. Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе шартқа сәйкес акционердің атынан сенімхатсыз әрекет етуге немесе оның мүддесін білдіруге құқығы бар тұлға үшін акционерлердің Жалпы жиналышына қатысуға және күн тәртібінің қаралатын сұрапттары бойынша дауыс беруге сенімхат талап етілмейді.

### **33 бап. Акционерлердің Жалпы жиналышын өткізу тәртібі**

1. Акционерлердің Жалпы жиналышын өткізу тәртібі АҚ туралы заңға, осы Жарғыға және Банктің ішкі қызметті реттейтін өзге құжаттарына сәйкес немесе акционерлердің Жалпы жиналышының тікелей шешімімен анықталады.

2. Акционерлердің Жалпы жиналышы ашылғанға дейін келген акционерлерді (олардың өкілдерін) тіркеу жүргізіледі. Акционер өкілі акционерлердің Жалпы жиналышына қатысуға және күн тәртібінің қаралатын сұрапттары бойынша дауыс беруге үәкілеттілігін растайтын сенімхат ұсынуы тиіс.

Тіркеуден өтпеген акционер (акционер өкілі) кворумды анықтағанда есептелмейді және оның дауыс беруге қатысуға құқығы жоқ.

Егер осы Жарғыда немесе көзбе-көз тәртіпте өткізілетін акционерлердің Жалпы жиналышының шешімімен басқаша анықталмаса жиналышқа шақырусыз басқа тұлғалар қатыса алады. Мұндай тұлғалардың акционерлердің Жалпы жиналышында сөз сөйлеу құқығы осы Жарғымен немесе акционерлердің Жалпы жиналышының шешімімен анықталады.

Қаржы органдарының қызметін реттеу және қадағалау мақсатында үәкілетті орган Банк акционерлерінің Жалпы жиналышына қатысуға өз өкілін жіберуге құқылы. Үәкілетті органның өкілі акционерлердің Жалпы жиналышына дауыс беру және акционерлердің Жалпы жиналышының күн тәртібі сұрапттары бойынша өз пікірін білдіру құқығының қадағалаушы ретінде қатысады.

3. Акционерлердің Жалпы жиналышы кворум болған жағдайда жарияланған уақытта ашылады.

Барлық акционерлер (олардың өкілдері) тіркелген, акционерлердің Жалпы жиналышының ашылу уақытының өзгеруі туралы хабардар етілген және оған қарсы наразылық жоқ болғаннан өзге жағдайда акционерлердің Жалпы жиналышы жарияланған уақыттан ерте ашылмайды.

4. Акционерлердің Жалпы жиналышы жиналыш төрағасын (төралқасын) және хатшысын сайлау өткізеді.

Акционерлердің Жалпы жиналышы дауыс беру түрін анықтайды – ашық немесе құпия (бюллетендер) бойынша. Акционерлердің Жалпы жиналышының төрағасын (төралқасын) және хатшысын сайлау туралы сұрақ бойынша дауыс бергенде әр акционер бір дауысқа ие болады, ал шешім қатысушылардың жалпы санының қарапайым көшілігімен қабылданады.

Басқарма мүшелері акционерлердің Жалпы жиналышына төрағалық ете алмайды, жиналышқа қатысушылардың барлығы Басқармаға кіргеннен өзге жағдайда.

5. Акционерлердің Жалпы жиналышын өткізу барысында оның төрағасы қаралып жатқан сұрақ бойынша жарыссөзді тоқтату туралы, сонымен бірге ол бойынша дауыс беру тәсілін өзгерту туралы ұсынысты дауыс беруге шығаруға құқылы.

Төраганың құн тәртібі сұрактарын талқылауга құқығы бар тұлғаның сөз сөйлеуіне кедергі жасауға құқығы жоқ, егер мұндай сөз сөйлеу акционерлердің Жалпы жиналышының регламентін бұзуга әкеліп соқпаса немесе бұл сұрақ бойынша жарыссөз аяқталып қоймаса.

6. Акционерлердің Жалпы жиналышы өз жұмысында үзіліс жасау туралы және жұмыс уақытын ұзарту, оның ішінде акционерлердің Жалпы жиналышының құн тәртібінің жекелеген сұрактарын қарауды келесі құнгепе қалдыру туралы шешім қабылдауға құқылы.

7. Акционерлердің Жалпы жиналышы тек құн тәртібінің барлық сұрактары қаралғаннан және олар бойынша шешім қабылданғаннан кейін ғана жабық деп жариялана алады.

8. Акционерлердің Жалпы жиналышының хатшысы жиналыш хаттамасында мазмұндалған мәліметтердің толықтығы мен ақиқаттығына жауап береді.

#### **34 бап. Акционерлердің Жалпы жиналышының сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдауы**

1. Акционерлердің Жалпы жиналышының шешімі сырттай дауыс беру арқылы қабылдануы мүмкін. Сырттай дауыс беру акционерлердің Жалпы жиналышына қатысип отырған акционерлердің дауыс берумен (аралас дауыс беру), немесе акционерлердің Жалпы жиналышының мәжілісін өткізүсіз қолданылуы мүмкін.

2. Сырттай дауыс бергенде бір формадағы дауыс беру бюллетендері акционерлер тізіміне енгізілген тұлғаларға жолданады (таратылады).

Банктің акционерлер тізіміне енгізілген тұлғаларға акционерлердің Жалпы жиналышында дауыс беру нәтижесіне ықпал ету мақсатында дауыс беру бюллетендерін жекелеген акционерлерге таңдал жіберуге құқығы жоқ.

3. Дауыс беруге арналған бюллетендер акционерлер тізіміне енгізілген тұлғаларға акционерлердің Жалпы жиналышының мәжілісі өткізілетін құнгепе дейін қырық бес құн бұрын мерзімнен кешіктірмей жолдануы тиіс.

Банк акционерлердің Жалпы жиналышында сырттай дауыс беруге арналған бюллетеніді акционерлердің Жалпы жиналышының өткізілетіні туралы хабарламамен бірге «Егемен Қазақстан», «Казахстанская правда» бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға міндетті, егер акционерлер саны бес жүзге тең болса немесе одан көп болса.

4. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеніде АҚ туралы заң талаптарына сәйкес мәліметтер болуы тиіс.

5. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеніге акционер – жеке тұлға өзінің жеке басын растайтын құжатының деректерін көрсете отырып, қол қоюы тиіс.

Акционердің – заңды тұлғаның сырттай дауыс беруіне арналған бюллетеніге оның басшысы қол қоюы және заңды тұлғаның мөрімен растауы тиіс.

Акционердің – жеке тұлғаның немесе заңды тұлға болып табылатын акционердің басшысының қолы қойылмаған, сонымен қатар сол заңды тұлғаның мөрінсіз бюллетенъ жарамсыз деп саналады.

Дауыстарды санағанда акционер бюллетенъде анықталған дауыс беру тәртібін сақтаған және дауыс берудің ықтимал нұсқаларының бірін ғана белгілеген сұрақтар бойынша дауыс ескеріледі.

6. Егер бұрын сырттай дауыс беруге бюллетенъ жолдаған акционер аралас дауыс беру қолданылатын акционерлердің Жалпы жиналысына қатысуға және дауыс беруге келген болса акционерлердің Жалпы жиналысының кворумын анықтағанда және күн тәртібінің сұрақтары бойынша дауыстарды санағанда оның бюллетені ескерілмейді.

### **35 бап. Акционерлердің Жалпы жиналысында дауыс беру**

1. Акционерлердің Жалпы жиналысында дауыс беру келесілерден өзге жағдайларда «бір акция – бір дауыс» принципі бойынша жүзеге асырылады:

- а) бір акционерге Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде қарастырылған жағдайларда берілетін акциялар бойынша максимальды дауыстар санын шектеу;
- б) Директорлар кеңесі мүшелерін сайлағанда кумулятивті дауыс беру;
- в) акционерлердің Жалпы жиналысында дауыс беру құқығы бар әр түлғага жалпы жиналыс өткізуіндік рәсімдік сұрақтары бойынша бір дауыстан беру.

2. Кумулятивті дауыс бергенде акциялар бойынша берілетін дауыстарды акционер Директорлар кеңесі мүшесіне бір кандидатқа толығымен немесе Директорлар кеңесі мүшесіне бірнеше кандидат арасында бөліп бере алады. Директорлар кеңесіне барынша көп дауыс берілген кандидат сайланды деп танылады.

3. Көзбе-көз тәртіpte жүргізілген акционерлердің Жалпы жиналысында дауыс беру құпия тәсілмен жүзеге асырылатын болса, онда мұндай дауыс беру бюллетенъдері дауыс беру құпия түрде жүзеге асырылатын әр жеке сұрақ бойынша жеке жасалған болуы және онда АҚ туралы заң талаптарына сәйкес мәліметтер көрсетілген болуы тиіс.

4. Көзбе-көз құпия дауыс беруге арналған бюллетенъге акционер қол қоймайды, егер акционердің өзі бюллетенъге қол қоюға тілек білдірмесе, оның ішінде Банкке АҚ туралы заңға сәйкес өзіне тиесілі акцияларды сатып алу туралы талап қою мақсатында.

Көзбе-көз құпия дауыс беруге арналған бюллетенъдер бойынша дауыстарды санағанда дауыс берушілер бюллетенъде көрсетілген тәртіп сақтаған және дауыс берудің ықтимал нұсқаларының бірін ғана белгілеген сұрақтар бойынша дауыстар ескеріледі.

5. Дауыс беру қорытындысы акционерлердің барысында дауыс беру жүргізілген Жалпы жиналысында жария етіледі.

6. Акционерлердің Жалпы жиналысында дауыс беру қорытындысы немесе сырттай дауыс беру нәтижесі акционерлердің назарына оларды бұқаралық ақпарат құралдырында жариялау жолымен немесе әр акционерге акционерлердің Жалпы жиналысы жабылған күннен кейінгі он бес күн ішінде жазбаша хабарлама жолдау арқылы жеткізіледі.

7. Дауыс беру қорытындысы бойынша санау комиссиясы (жиналыс хатшысы) дауыс беру қорытындысы туралы хаттама жасайды және қол қояды, оған дауыс беруге шығарылған сұрақ бойынша акционерлердің ерекше пікірлері (ондай бар болса) туралы жазба енгізеді, құпия және сырттай дауыс беруге арналған толтырылған бюллетенъдермен (оның ішінде жарамсыз деп танылғандармен қоса) бірге тігеді, содан соң акционерлердің Жалпы жиналысының хаттамасымен бірге тігіп, Банктің мұрағатына сақтауға өткізеді.

### **36 бап. Акционерлердің жалпы жиналасының хаттамасы**

1. Акционерлердің Жалпы жиналысының хаттамасы жиналыс жабылғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде жасалуы және қол қойылуы тиіс. Хаттамада АҚ туралы заң талаптарына сәйкес мәліметтер көрсетіледі.

2. Акционерлердің Жалпы жиналысының хаттамасына қол қоюға жатады:

- а) жиналыс төрағасы мен хатшысы;
- б) санау комиссиясының мүшелері;
- в) Банктің дауыс беруші акцияларының он және одан көп пайзына ие акционерлер (олардың өкілдері).

Хаттама мазмұнымен келіспеген жағдайда хаттамага қол қоюға уәкілетті көрсетілген тұлғалар қол қоюдан бас тарту себептеріне жазбаша түсінік бере отырып, оған қол қоюдан бас тартуға құқылы, бұл ретте қол қоюдан бас тарту туралы жазбаша түсінік хаттамага кірістіріледі.

3. Акционерлердің Жалпы жиналысының хаттамасы дауыс беру қорытындылары туралы хаттамамен, жалпы жиналысқа қатысуға және онда дауыс беруге, сонымен қатар хаттамага қол қоюға құқық беретін сенімхаттармен және хаттамага қол қоюдан бас тарту себептеріне жазбаша түсінікпен бірге тігіледі. Көрсетілген құжаттарды Басқарма сактауы және кез келген уақытта акционерлердің танысусына берілу тиіс. Акционердің талабы бойынша оған акционерлердің Жалпы жиналысы хаттамасының көшірмесі беріледі.

### **37 бап. Директорлар кеңесі**

1. Директорлар кеңесі АҚ туралы заңмен және (немесе) осы Жарғымен акционерлердің Жалпы жиналысының ерекше құзіретін жатқызылған сұраптардан өзге Банк қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады.

Директорлар кеңесі мүшесі лауазымға уәкілетті мемлекеттік органның келісімімен тағайындалады (сайланады). Директорлар кеңесі мүшесінің Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен белгіленген талаптарға сәйкестігін уәкілетті мемлекеттік органның қаржы ұйымдарының басшы қызметкерлері лауазымына кандидаттың сәйкестігін анықтау жөніндегі комиссия анықтайды.

2. Барынша маңызды сұраптарды карау және Директорлар кеңесіне кеңестер өзірлеу үшін Банкте Директорлар кеңесі комитеті құрылады. Директорлар кеңесі комитеті келесі сұраптарды қарайды:

- а) стратегиялық жоспарлау;
- б) кадрлар мен сыйақылар;
- в) ішкі аудит;
- г) әлеуметтік сұраптар;
- д) Банктің ішкі құжаттарымен қарастырылған өзге сұраптар.

Осы тармақта аталған сұраптарды карау Директорлар кеңесінің бір немесе бірнеше комитетінің құзіретіне жатқызылуы мүмкін.

2. Директорлар кеңесі комитеттерін құру тәртібі мен олардың қызметін Директорлар кеңесі анықтайды.

### **38 бап. Директорлар кеңесінің құзіреті**

1. Директорлар кеңесінің ерекше құзіретіне жататын сұраптар:

- а) Банк қызметінің және Банкті дамыту стратегиясының басымдық бағыттарын анықтау немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде қарастырылған жағдайларда Банктің даму жоспарын бекіту;
- б) акционерлердің жылдық және кезектен тыс Жалпы жиналысын шакыру туралы шешім қабылдау;
- в) акцияларды орналастыру (өткізу), оның ішінде жарияланған акциялар саны шегінде орналастырылған (өткізілген) акциялар саны, орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;

- г) Банктің жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту;
- д) Банк облигациялары мен туынды құнды қағаздарын шығару шарттарын анықтау, сонымен қатар оларды шығару туралы шешім қабылдау;
- е) Ішкі аудит департаментінің сандық құрамын, уәкілеттілік мерзімін анықтау, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау, сонымен қатар, олардың уәкілеттілігін тоқтату, Ішкі аудит департаментінің жұмыс тәртібін, Ішкі аудит департаменті қызметкерлерінің еңбекақысы мен сыйлық беру мөлшері және оны төлеу шарттарын анықтау;
- ж) корпоративті хатшыны тағайындау, оның уәкілеттілік мерзімін анықтау, оның уәкілеттілігін мерзімінен ерте тоқтату, сонымен қатар лауазымдық жалақа мөлшері мен оған сыйақы беру шарттарын анықтау;
- з) қаржылық есептілікке аудит жүргізгені үшін аудиторлық ұйымның, сонымен қатар, Банк акциясын төлеуге берілген немесе ірі мәміле заты болып табылатын мүліктің нарықтық құнның бағалау жөніндегі бағалаушы қызметі ақысының мөлшерін анықтау;
- и) Банктің ішкі қызметін реттейтін күжаттарды (Банк Басқармасы Банк қызметін ұйымдастыру мақсатында қабылдаған күжаттардан өзге) бекіту, оның ішінде аукциондар өткізу және Банктің құнды қағаздарына жазылу шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі күжаттармен қоса;
- к) Банк филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу және олар туралы ережелерді бекіту туралы шешімдер қабылдау;
- л) Банк міндеттемелерін оның меншік капиталының он және одан көп пайзызы мөлшерін құрайтын шамаға ұлғайту;
- м) бұрынғы тіркеушімен шартты бұзған жағдайда Банк тіркеушісін таңдау;
- н) Банк және оның қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге құпиясын құрайтын қызметі туралы ақпаратты анықтау;
- о) ірі мәмілелер және жасалуына Банк мүдделі болып табылатын мәмілерер жасау туралы шешім қабылдау;
- п) Банктің орналастырылған акцияларды немесе басқа құнды қағаздарды сатып алу және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;
- р) Банктің басқа заңды тұлғалар акцияларының он (10%) және одан көп пайзызын (жарғылық капиталға қатысу үлесін) сатып алу (шеттету) туралы шешім қабылдау;
- с) он (10%) және одан көп пайзызы (жарғылық капиталға қатысу үлесі) Банкке тиесілі заңды тұлға акционерлерінің Жалпы жиналысының құзіретіне жататын қызмет сұраптары бойынша шешім қабылдау;
- т) Басқарманың сандық құрамын, уәкілеттілік мерзімін анықтау, Басқарма Төрағасы мен мүшелерін сайлау, сонымен қатар олардың уәкілеттілігін мерзімінен ерте тоқтату. Басқарма Төрағасы мен мүшелерінің лауазымдық жалақыларының мөлшерін және олардың еңбектерін төлеу мен сыйлық беру шарттарын анықтау;
- у) Директорлар кеңесі туралы ережені бекіту;
- ф) акционерлердің Жалпы жиналысының ерекше құзіретіне жатпайтын АҚ туралы заңында, Қазақстан Республикасының өзге нормативтік құқықтық актілерінде және осы Жарғыда қарастырылған басқа сұраптар.

2. Акционерлердің Жалпы жиналысының ерекше құзіретіне жататын сұраптар Банк Басқармасының шешуіне берілмейді.

3. Директорлар кеңесінің осы Жарғымен Банк Басқармасының құзіретіне жатқызылған сұраптар бойынша шешім қабылдауға, сонымен қатар акционерлердің Жалпы жиналысының шешімдеріне қарама-қайшы келетін шешім қабылдауға құқығы жоқ.

### **39 бап. Директорлар кеңесінің құрамы**

1. Директорлар кеңесіне тек жеке тұлғалар мүше бола алады.
  2. Директорлар кеңесі мүшелері келесілердің қатарынан сайланады:
- а) акционерлер — жеке тұлғалар;

- б) Директорлар кеңесіне акционерлер өкілдері ретінде сайлауға ұсынылған (кеңес берілген) тұлғалар;
- в) Банк акционері болып табылмайтын және Директорлар кеңесіне акционерлер өкілдері ретінде сайлауға ұсынылмаған (кеңес берілмеген) жеке тұлғалар.

Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлауды акционерлер, Директорлар кеңесіне бір орынға бір кандидат дауысқа түскеннен өзге жағдайда, дауыс беруге арналған бюллетендерді пайдалана отырып, кумулятивті дауыс беру арқылы жүзеге асырады. Кумулятивті дауыс беру бюллетенінде АҚ туралы заңда қарастырылған ақпарат болуы тиіс. Акционер өзіне тиесілі акциялар бойынша дауысты Директорлар кеңесі мүшелігіне бір кандидатқа толығымен беруі немесе бірнеше кандидат арасында бөліп беруі мүмкін. Директорлар кеңесіне ең көп дауыс санын жинаған кандидат сайланды деп саналады. Директорлар кеңесіне екі немесе одан көп бірнеше кандидат бірдей дауыс жинаған жағдайда бұл кандидаттарға қатысты тең дауыс санын жинаған кандидат көрсетіле отырып, акционерлердің кумулятивті дауыс беру бюллетендерін тапсыру жолымен қосымша кумулятивті дауыс беру өткізіледі.

3. Басқарма Төрағасынан өзге Банк Басқармасының мүшелері Директорлар кеңесіне сайланған алмайды. Басқарма Төрағасы Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайланған алмайды.

4. Директорлар кеңесі мүшелерінің саны үш адамнан кем болмауы тиіс. Банк Директорлар кеңесі мүшелерінің үштен бірінен кем емес бөлігі тәуелсіз директорлар болуы тиіс.

5. Директорлар кеңесі құрамына сайланатын тұлғаларға қойылатын талаптарды Қазақстан Республикасының заңнамасы мен осы Жарғы анықтайды.

#### **40 бар. Директорлар кеңесі мүшелерінің уәкілеттілік мерзімі**

1. Директорлар кеңесіне сайланған тұлғалар шексіз рет қайта сайланған алады, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банк Жарғысында өзгеше қарастырылмаған болса.

2. Директорлар кеңесінің уәкілеттілік мерзімін акционерлердің Жалпы жиналысы анықтайды.

Директорлар кеңесінің уәкілеттілік мерзімі жаңа Директорлар кеңесін сайлау өткізілетін акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу сәтінде аяқталады.

3. Акционерлердің Жалпы жиналысы Директорлар кеңесінің барлық мүшелерінің немесе жекелеген мүшелерінің уәкілеттілігін мерзімінен ерте тоқтатуға құқылы.

4. Өзінің бастамасы бойынша Директорлар кеңесі мүшесінің уәкілеттілігін мерзімінен ерте тоқтату Директорлар кеңесіне жазабаша хабарлау негізінде жүзеге асырылады.

Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің уәкілеттілігі Директорлар кеңесі көрсетілген хабарламаны алған сәттен бастап тоқтатылады.

5. Директорлар кеңесі мүшесінің уәкілеттілігін мерзімінен ерте тоқтатқан жағдайда Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау акционерлердің Жалпы жиналысында ұсынылған кумулятивті дауыс беру арқылы жүзеге асырылады, бұл ретте Директорлар кеңесінің жаңа мүшесінің уәкілеттілігі Директорлар кеңесінің жалпы уәкілеттілігінің мерзімі аяқталғанда бірге тоқтайды.

6. Директорлар кеңесі мүшесі (тәуелсіз директорлардан өзгесі) өз міндеттерін ақысыз орындаиды, егер акционерлердің Жалпы жиналысы басқаша шешім қабылдамаған болса, алайда Банк Директорлар кеңесіне Директорлар кеңесі мәжілістеріне барудан келтірілген олардың орынды ағымдағы шығындарын өтейтін және тәуелсіз директорларға акционерлердің Жалпы жиналысы қабылдаған шешімге сәйкес сыйақы төлейтін болса.

#### **41 бап. Директорлар кеңесінің төрағасы**

1. Директорлар кеңесінің Төрағасы оның мүшелерінің қатарынан ашық дауыс беру арқылы Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысымен сайланады. Директорлар кеңесі кез келген уақытта Директорлар кеңесінің Төрағасын қайта сайлауға құқылы.

2. Директорлар кеңесінің Төрағасы Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, сонымен қатар, осы Жарғымен анықталған өзге функцияларды жүзеге асырады.

3. Директорлар кеңесінің Төрағасы жоқта оның функцияларын Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Директорлар кеңесі мүшелерінің бірі атқара алады.

#### **42 бап. Директор кеңесі мәжілісін шақыру**

1. Директор кеңесі мәжілісі оның Төрағасының немесе Банк Басқармасының бастамасы бойынша немесе келесілердің талабымен шақырылуы мүмкін:

- а) Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінін;
- б) ішкі аудит департаментінің;
- в) Банкке аудит жүргізетін аудиторлық ұйымның;
- г) ірі акционердін.

2. Директор кеңесі мәжілісін шақыру туралы талап Директорлар кеңесінің Төрағасына Директорлар кеңесі мәжілісінің ұсынылатын күн тәртібі көрсетілген тиісті жазбаша хабарлама жолдау арқылы қойылады.

Директорлар кеңесінің Төрағасына мәжіліс шақырудан бас тартқан жағдайда бастамашы көрсетілген талаптарымен Банк Басқармасына жүгінуге құқылы, ол Директор кеңесі мәжілісін шақыруға міндettі.

Директор кеңесі мәжілісін Директорлар кеңесінің Төрағасы немесе Банк Басқармасы талап түсken күннен бастап отыз күннен кешіктірмей шақыруы тиіс.

Директор кеңесі мәжілісі көрсетілген талапты міндettі түрде шақыра отырып, өткізіледі.

Директорлар кеңесінің әр мүшесіне Директорлар кеңесінің қандай да бір жиналысын өткізу туралы хабарлама жолданады. Директорлар кеңесі мүшелеріне Директор кеңесі мәжілісі өткізілетіні туралы хабарлама жолдау тәртібін Банктің Директорлар кеңесі анықтайды. Кез келген мұндай хабарламада мәжілісте талқыланатын сұрақтар барынша толық көрсетілген күн тәртібі туралы ақпарат болуы және оларға қатысты кез келген құжаттың көшірмесі қосымша берілуі тиіс. Жасалауына мүдделілік бар ірі мәміле және (немесе) мәмілелер жасау туралы шешім қабылдау жөніндегі сұрақты қараған жағдайда мәміле туралы ақпаратқа мәміле тараптары, мерзімдері және мәмілені орындау шарттары, жұмылдырылған тұлғалардың қатысу үлесінің сипаты мен көлемі туралы ақпарат, сонымен қатар АҚ туралы занда қарастырылған жағдайда бағалушының есеп беруі кіруі тиіс.

3. Директор кеңесі мәжілісі өткізілетіні туралы хабарламада мәжіліс болатын күн, уақыт және орын көрсетілуі тиіс.

4. Директорлар кеңесінің мүшесі алдын ала Банк Басқармасына өзінің Директорлар кеңесі мәжілісіне қатысуға мүмкіндігінің жоқтығы туралы хабарлауға міндettі.

5. Директорлар кеңесі уш (3) айда бір реттен сиретпей Директорлар кеңесі бірауыздан анықтаған орында және уақытта мәжіліс құрады. Егер Директорлар кеңесі мұндай уақыт пен орынды анықтамаған болса мәжіліс Банк орналасқан орында өтеді.

#### **43 бап. Директор кеңесінің мәжілісі**

1. Директорлар кеңесінің Төрағасы Директорлар кеңесі мәжілістерінде төрағалық етеді. Директорлар кеңесінің мүшелері Директорлар кеңесі мәжілістеріне телефон немесе бейнебайлының арқылы немесе басқа электрондық байланыс құралының көмегімен қатысуға, сонымен қатар мәжіліске қатысады және сұрақтарды қарауды

электрондық поштаниң көмегімен жүзеге асыруға құқылы, және мәжіліске аталған тәсілдермен қатысқан Директорлар кеңесінің кез келген мүшесі мәжіліске өзі көзбе-көз қатысқан болып саналады.

2. Директорлар кеңесі мәжілісіне қажетті кворум болуы үшін мәжіліске қатысушылар саны Директорлар кеңесі мүшелерінің жартысынан кем болмауы тиіс. Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны осы Жарғымен анақталған кворумға жетуге жеткіліксіз болған жағдайда Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау үшін акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыруға міндettі. Директорлар кеңесінің қалған мүшелері акционерлердің тек мұндай кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдауға құқылы.

3. Директорлар кеңесінің әр мүшесі бір дауыска ие. Директорлар кеңесінің шешімі мәжіліске қатысып отырган оның мүшелерінің қарапайым көпшілік дауысымен қабылданады, егер АҚ туралы заңмен және осы Жарғамен басқаша қарастырылмаса. Дауыстар тен болған жағдайда Директорлар кеңесі Төрағасының немесе Директорлар кеңесі мәжілісіне төрағалық етуші тұлғаның дауысы шешуші болып табылады.

4. Директорлар кеңесі тек Директорлар кеңесі мүшелері ғана қатыса алатын езінің жабық мәжілісін еткізу туралы шешім қабылдауға құқылы.

5. Осы Жарғымен Директорлар кеңесінің қарауына шығарылған сұраптар бойынша сырттай дауыс беру арқылы Директорлар кеңесінің шешім қабылдау мүмкіндігі және мұндай шешімдер қабылдау тәртібі қарастырылады.

Директорлар кеңесінің сырттай дауыс беру арқылы шешімі белгіленген мерзім ішінде алынған бюллетендерде кворум болған жағдайда қабылданды деп танылады.

Директорлар кеңесінің сырттай мәжілісінің шешімі жазбаша түрде хатталуы және оған Директорлар кеңесі Төрағасы мен хатшысы қол қойған болуы тиіс.

Шешім ресімделген күннен бастап жиырма күн ішінде ол Директорлар кеңесі мүшелеріне осы шешімді қабылдауға негіз болған бюллетендерді қосымша бере отырып, жолдануы тиіс.

6. Сырттай өткізу тәртібінде өткізілген мәжілісте қабалданған Директорлар кеңесінің шешімі хаттамамен ресімделеді, хаттаманы мәжіліс өткізілген күннен бастап үші күн ішінде мәжіліске төрағалық еткен тұлға мен хатшы жасауы және қол қоюы тиіс, және онда АҚ туралы заң талаптарына сәйкес мәліметтер көрсетіледі.

7. Директорлар кеңесі мәжілісінің хаттамалары мен сырттай дауыс беру жолымен қабылданған Директорлар кеңесінің шешімі Банк мұрағатында сакталады.

Директорлар кеңесінің хатшысы Директорлар кеңесі мүшесінің талабымен оған Директорлар кеңесі мәжілісінің хаттамалары мен сырттай дауыс беру жолымен қабылданған Директорлар кеңесінің шешімін танысуға және (немесе) Банктің уәкілетті қызметкерінің қолымен және Банк мөрінің бедерімен расталған хаттама мен шешімнен көшірме беруге міндettі.

#### **44 бап. Банк Басқармасы**

1. Басқарма Басқарма Төрағасынан және Директорлар кеңесі тағайындаған Басқарманың басқа мүшелерінен тұрады. Басқарма мүшелерінің саны үш адамнан кем болмауы тиіс.

Басқарма ағымдағы қызметке басшылық жасайды.

Басқарма АҚ туралы заңмен, Қазақстан Республикасының басқа заңнамалық актілерімен және осы Жарғымен Банктің басқа органдарының және лауазымды тұлғаларының құзіретіне жатқызылмаған Банк қызметінің кез келген сұраптары бойынша шешім қабылдауға құқылы.

Басқарма акционерлердің Жалпы жиналысының және Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндettі.

Банк Басқарма Банк белгілеген шектеулерді бұза отырып жасаған мәмілелердің күшіне дау келтіруі мүмкін, егер мәміле жасалған сэтте таралтардың мұндай шектеулерді білгенін дәлелдей алса.

Басқарма мүшесінің дауыс құқығын басқа тұлғаға, оның ішінде Басқарманың басқа мүшесіне беруге жол берілмейді.

2. Басқарма мүшелері акционер және акционер болып табылмайтын Банк қызметкері болуы мүмкін.

Басқарма мүшелері басқа ұйымдарда тек Директорлар кеңесінің келісімімен ғана жұмыс істеуге құқылы.

Басқарма мүшесінің функциялары, құқықтары және міндеттері Басқарма АҚ туралы заңмен, Қазақстан Республикасының басқа заңнамалық актілерімен және осы Жарғымен, сонымен қатар, көрсетілген тұлғаның Банкпен жасаған еңбек шартымен анақталады. Банк атынан Басқарма Төрағасымен жасалған еңбек шартына Директорлар кеңесі Төрағасы немесе Жалпы жиналыс немесе Директорлар кеңесі бұған уәкілеттілік берген тұлға қол қояды. Атқарушы органның басқа мүшелерімен жасалған еңбек шартына Басқарма Төрағасы қол қояды.

Басқарма Төрағасының атқарушы органның басшысы немесе атқарушы орган функциясын жалғыз өзі жүзеге асыратын тұлға, басқа заңды тұлға лауазымында қызмет етуге құқығы жок.

3. Банк Басқармасын қажетіне қарай Басқарма Төрағасы шақырады немесе оның мүшелерінің үштен кем емесінің талабы бойынша шақырылады.

Банк Басқармасы оның құзіретіне қарайтын және оның қарауына шығарылған сұраптарды шешуге уәкілетті, егер оның мәжілісіне Банк Басқармасы мүшелерінің үштен екісінен азы қатысса.

Вето (тыйым салу) құқығы белгіленген сұраптар бойынша Банк Басқармасының шешімі «алтын акция» иесінің келісіуіне жатады. Банк Басқармасы мәжілісін жүргізуі Басқарма Төрағасы немесе оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

Банк Басқармасының әр мүшесі бір дауысқа ие. Басқарма шешімі мәжіліске қатысып отырған Басқарма мүшелері дауысының қарапайым көпшілігімен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда Басқарма Төрағасының немесе оны алмастырушы тұлғаның дауысы шешуші болып табылады.

Банк Басқармасының шешімі хаттамамен ресімделеді, оған мәжіліске қатысқан Басқарманың барлық мүшелері және Банк қызметкерлері қатарынан тағайындалған мәжіліс хатшысы қол қоюы және хаттамада дауыс беруге қойылған сұраптар, әр сұрап бойынша Басқарманың әр мүшесінің дауыс беру нәтижесі көрсетіле отырып, дауыс беруге жататын сұраптар бойынша дауыс беру қорытындысы көрсетілуі тиіс. Банк Басқармасының шешімімен келіспеген жағдайда Басқарма мүшесі талап етуге құқышы, ал хатшы хаттамаға ерекше пікірді енгізуге міндетті. Банк Басқармасы мәжілісінің хаттамасы ол өткізілгеннен кейін үш күннен кешіктемей ресімделеді.

Банк Басқармасы мәжілісінің хаттамасы Банк мұрағатында сақталады.

#### **45 бап. Банк Басқармасы Төрағасының уәкілеттілігі**

1. Банк Басқармасын Басқарма Төрағасы басқарады.
2. Басқарма Төрағасы:
  - 1) акционерлердің Жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесі шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;
  - 2) үшінші тұлғаларға қатысты Банк атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
  - 3) үшінші тұлғалармен қарым-қатынаста Банкті білдіру құқығын беретін сенімхаттар береді;
  - 4) Банк қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды, жылжытады және жұмыстан шығарады (АҚ туралы заңмен белгіленгеннен өзге жағдайларда), оларға мадақтау шараларын қолданады, тәртіп жазаға тартады, Басқарма және Ішкі

аудайт департаменті құрамына кіретін қызметкерлерден өзге Банк қызметкерлерінің лауазымдық жалақасының және Банктің штаттық кестесіне сәйкес жалақыға дербес үстемелер мөлшерін белгілейді, Банк қызметкерлері сыйлықтарының мөлшерін белгілейді.

- 5) өзі жокта өзінің міндеттерін орындауды Басқарма мүшелерінің біреуіне жүктейді;
- 6) міндеттерді, сонымен қатар Басқарма мүшелері арасында уәкілеттілік және жауапкершілік аясын бөледі;
- 7) басқа функцияларды орындауды және осы Жарғымен, Қазақстан Республикасының басқа нормативтік құқықтық актілерімен және акционерлердің Жалпы жиналышы мен Директорлар кеңесі шешімдерімен анықталған өзге уәкілеттіліктерге ие.

#### **46 бап. Ішкі аудайт департаменті.**

1. Банкте ішкі аудит жүйесі құрылған, ол Банк стратегиясына, ұйымдастыру құрылымына, операциялар құрделілігінің мөлшеріне, сипатына және деңгейіне сәйкес келеді.

#### **VI бөлім. Банктегі есеп пен есептілік. Ақпарат беру**

#### **47 бап. Банктің қаржы (операциялық) жылды. Есеп жүргізу және есептілік**

1. Қаржы (операциялық) жыл 1 қантарда басталады және 31 желтоқсанда аяқталады.

2. Банк Халықаралық қаржылық есептілігі стандарттарына сәйкес (ХКЕС- русс: МСФО) сәйкес бухгалтерлік есеп жүргізеді және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есеп беру туралы заңының талаптарына сай Банктің барлық еншілес ұйымдарының ХКЕС сәйкес есеп жүргізуін қамтамасыз етеді.

Банктің бухгалтерлік есеп саясатын Директорлар кеңесі анықтайды.

#### **48 бап. Қызмет нәтижесі туралы жылдық есеп беру (Жылдық қаржылық есептілік)**

1. Жылдық қаржылық есептілік ХКЕС сәйкес жасалады және қаржылық ахуал туралы есеп беруден, жиынтық табыс туралы есеп беруден, ақша қозғаласы туралы есеп беруден, мешік капиталдағы өзгерістер туралы есеп беруден және жылдық қаржылық есептілікке түсініктеме жазбадан тұрады.

2. Банк басқармасы жыл сайын Банк акционерлерінің Жалпы жиналышына Қазақстан Республикасының аудиторлық қызметі туралы заңнамасына сәйкес аудит жүргізілген өткен жыл үшін жылдық қаржылық есептілікті талқылауға және бекітуге тапсырады. Қаржылық есептіліктен өзге Басқарма акционерлердің Жалпы жиналышына аудиторлық есеп беруді тапсырады. Банк қызметі туралы жылдық қаржылық есептілік акционерлердің Жалпы жиналышы өткізілетін күнге дейін отыз күн ерте мерзімен кешіктірмей Директорлар кеңесінің алдын ала бекітуіне жатады.

3. Банк жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілікті, ал еншілес ұйым (ұйымдар) жоқ болған жағдайда – шоғырландырылмаған қаржылық есептілікті, сонымен қатар уәкілетті орган белгілеген тәртіpte және мерзімде, Банктер туралы заң талаптарына сәйкес аудиторлық ұйым ондағы мәліметтердің ақиқаттығын раставаннан кейін және Банк акционерлерінің жылдық жиналышы бекіткеннен кейін аудиторлық есептілікті жариялады.

4. Банк тоқсан сайын Халықаралық қаржылық есептілігі стандарттарына сәйкесетін қаржылық ахуал туралы есеп беруді, жиынтық табыс туралы есеп беруді уәкілетті орган белгілеген тәртіpte және мерзімде аудиторлық ұйымның раставыныз жариялады.

5. Банк Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында қарастырылған мерзімде уәкілдегі мемлекеттік органға жылдық қаржылық есептілікті тапсырады.

#### **49 бап. Аудит**

1. Жылдық қаржылық есептілікті, сонымен катар істің ағымдағы жағдайын тексеру мен оның ақиқаттығын растауды Банктер туралы заң талаптарын ескере отырып, аудиторлық ұйымның (аудитор) жүргізуі тиіс.

2. Аудиторлық ұйым (аудитор) тексеру нәтижесі мен өз қорытындыларын Директорлар кеңесі мен Басқармаға тапсырылатын есеп беруде мазмұндайды.

3. Аудиторлық ұйымның (аудитордың) тексеруі кез келген уақытта Банк есебінен Директорлар кеңесі мен Басқарманың бастамасы бойынша немесе ірі акционердің бастамасымен сонғының есебінен жүргізілуі тиіс.

#### **50 бап. Ақпарат беру. Банк құжаттары**

1. Банк акционерлердің назарына олардың мұддесіне қатысты Банк қызметі туралы ақпаратты жеткізуге міндетті:

а) сұрақтар тізбесі туралы ақпарат Банктің ішкі құжаттарына сәйкес акционерлер мен инвесторлардың назарына жеткізілуі тиіс, осы сұрақтар бойынша акционерлердің Жалпы жиналысы және Директорлар кеңесі қабылдаған шешімдер;

б) акциялар мен басқа құнды қағаздар шығару және құнды қағаздар орналастыру қорытындысы туралы есеп берулерді, құнды қағаздарды өтеу қорытындысы туралы есеп берулерді уәкілдегі мемлекеттік органдың бекітуі, уәкілдегі мемлекеттік органдың Банктің құнды қағаздарын жоюы;

в) Банктің ірі мәмілелер мен Банк жасалуына мұдделі болып табылатын мәмілелер жасауы;

г) мөншік капиталының жиырма бес пайызын құрайтын және одан көп мөлшердегі Банктің қарыз алуы;

д) Банктің қызметтің қандай да бір түрін жүзеге асыруға лицензия алуы, қызметтің қандай да бір түрін жүргізуге бұрын алынған лицензияның әрекеттің тоқтата тұру немесе қысқарту;

е) Банктің заңды тұлғаның құрылудың қатысуы;

ж) Банк мұлігінің тұтқындалуы;

з) нәтижесінде баланстық құны Банк активтерінің жалпы мөлшерінің он және одан көп пайызын құраған Банк мұлігі құрыған төтенше сипатқа ие жағдайдың орын алуы;

и) Банк пен оның лауазымды тұлғаларын әкімшілік жауапкершілікке тарту;

к) Банкті мәжбүрлі қайта құру туралы шешім;

л) сотта корпоративтік дау бойынша іс қозғау;

м) Банк активтерінің жалпы мөлшерінің бес және одан көп пайызын құраған Банк мұлігі кепілге (қайта кепілге) беру;

н) Банктің құнды қағаздарын шығару проспектісіне сәйкес Банк акционерлері мен инвесторларының мұдделеріне қатысты өзге оқиғалар.

Басқарма Төрағасының шешімімен құпия сипаттағы және Банктің комерциялық құпиясын құрайтын ақпарат беру шектелуі мүмкін.

2. Акционерлер мұддесіне қатысты Банк қызметі туралы ақпарат беру АҚ туралы заңға сәйкес жүзеге асырылады. Банк қызметі туралы ақпарат «Егемен Қазақстан», немесе «Казахстанская правда» бұқаралық ақпарат қуралдарында немесе Банктің веб-сайтында жарияланады.

Банк қызметі туралы ақпарат алу үшін акционерлердің Басқарма Төрағасының атына жазбаша өтінішпен жүгінуіне болады.

Сотта корпоративтік дау жөнінде іс қозғауы туралы ақпарат акционерлерге Банк корпоративтік дау жөніндегі азаматтық іс бойынша тиісті сот хабарламасын (шакыртуын) алған күннен бастап жеті күн ішінде тапсырылуы тиіс.

3. Банк Қазақстан Республикасының баухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес анықталған қаржылық есептілік депозитариінін, корпоративтік оқигалар туралы ақпараттың, Банктің жылдық қаржылық есептілігін және аудиторлық есеп берулердің уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген тәртіpte және мерзімде интернет-ресурста орналастырылуын қамтамасыз етеді, сонымен қатар интернет-ресурста тоқсан сайынғы қаржылық есептіліктің орналасуын қамтамасыз етеді және Банктің ішкі нормативтік құжаттарымен белгіленген тәртіpte қор биржасының интернет-ресурсына жариялау үшін барлық корпоративтік оқигалар туралы ақпаратты және тоқсан сайынғы қаржылық есептілікті ұсынады.

4. Құжат айналымы мен құжаттарды сактау Қазақстан Республикасының колданыстағы заңнамаларының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

Акционерлерге құжаттар көшірмесін беру ақысын Басқарма құжаттар көшірмелерін әзірлеуге кеткен шығындар, құжаттарды жеткізуге байланысты шығындар құнынан аспайтын мөлшерде белгілейді.

4. Банктің аффилирленген тұлғалары болып табылатын жеке және заңды тұлғалар аффилиренуі орын алған күннен бастап жеті күн ішінде жазбаша түрде өзінің аффилирленген тұлғалары туралы мәлімет тапсыруға міндетті.

## VII бөлім. Банк қызметін қысқарту

### 51 бап. Ерікті қайта құру

1. Банкті ерікті қайта құру (қосылу, бірігу, бөліну, бөліп шығару, өзгеру) уәкілетті органның рұқсатымен акционерлердің (қатысушылардың) Жалпы жиналысының шешімімен жүзеге асырылуы мүмкін.

Қайта құру туралы сұрақты Директорлар кеңесі акционерлердің Жалпы жиналысына шығарады.

Ерікті қайта құру жүргізуге рұқсат алу туралы өтініш беруге акционерлердің Жалпы жиналысының тиісті шешімінің болуы негіз болып табылады.

Ерікті қайта құру жүргізу тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

2. Егер қайта құру нәтижесінде Банк өз қызметін қысқартса, оның акциялары Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіpte жойылуға жатады.

### 52 бап. Жойылу

1. Банктің жойылуы мүмкін:

- а) уәкілетті мемлекеттік органның рұқсаты болсаған жағдайда акционерлердің Жалпы жиналысының шешімі бойынша (ерікті жойылу);
- б) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған жағдайларды сот шешімі бойынша (мәжбүрлі жойылу).

2. Банк қызметінің қысқаруы, оның ішінде банкроттық негізінде қысқару Банктер туралы заң талаптары ескеріле отырып, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес жүзеге асырылады.

### 53 бап. Ерікті жойылу

1. Ерікті жойылу жағдайында уәкілетті мемлекеттік органның рұқсатын алғаннан кейін несие берушілермен келісім бойынша және олардың бақылауымен Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес жою процедурасы анықталады және жою комиссиясы тағайындалады.

2. Банкті ерікті жойғанда жою комиссиясы қызметінің ерекшелігі уәкілетті мемлекеттік органның нормативтік құқықтық актілерімен анықталады.

3. Ерікті жойылуға рұқсат алғаннан кейін Банк орталық әділет органының реңи баспа басылымдарында жойылу туралы ақпарат жариялауға міндетті. Несие берушілердің өтініш беру мерзімдері туралы жою комиссиясы реңи баспаға жариялы хабарлама жасайды.

4. Жою комиссиясы тағайындалған сәттен бастап оған Банкті басқару үәкілеттілігі ауысады.

#### **54 бап. Мәжбүрлі жойылу**

1. Мәжбүрлі жойылуды сот келесілерге байланысты жүргізеді:

- a) Банктің банкроттығына;
- б) Банктің Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған негіздер бойынша банкілік операциялар жүргізуге лицензиясынан айырылуына;
- в) үәкілетті мемлекеттік органның, заңды және жеке тұлғалардың заңнамалық актілерде қарастырылған басқа негіздер бойынша Банк қызметін қысқарту туралы мәлімдемесіне (талабына).

#### **55 бап. Банкті банкрот деп тану**

1. Банктің төлемқабілетсіздігі пруденциальдық нормативтерді есептеу әдістемесін және сақталуы міндетті басқа нормалар мен лимиттерді, банктің капиталының мөлшерін, оның ішінде Банкте орындау мерзімі келген сәттен бастап үш ай бойы және одан артық мерзімде Банк орындаған ақшалай міндеттеменің және басқа ақшалай сипаттағы талаптардың болуын ескере отырып жасалған сотқа тапсырылатын үәкілетті органның қорытындысы есепке алынып анықталады. Банк орындау мерзімі келген сәттен бастап үш ай бойы ақшалай міндеттемелерін және басқа ақшалай сипаттағы талаптарды орындауға қабілетсіз болған жағдайда төлемқабілетсіз болып табылады.

2. Банк тек белгіленген тәртіpte сот шешімі бойынша банкрот деп танылады.

#### **56 бап. Банкті жойған кездеңі Несие берушілердің талаптарын қанағаттандыру**

1. Жою (конкурстық) масса Банктер туралы заңда анықталған ерекшеліктермен Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіpte қалыптастырылады.

2. Мәжбүрлі жою кезіндегі несие берушілердің талаптары Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіpte қанағаттандырылады.

3. Банк заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркегішке тиісті жазба енгізілген сәттен бастап өз қызметін қысқартты деп саналады.

#### **57 бап. Жойылған Банктің мүлігін акционерлер арасында болу**

Несие берушілермен есеп айырысу аяқталғаннан кейін қалған Банк мүлігін жою комиссиясы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіpte акционерлер арасында бөліп береді.



КЕЛЕСІ ЖАҒЫН ҚАРАНЫЗ  
СМОТРИТЕ НА ОБОРОТСТОРОНУ  
27 бет

**УСТАВ  
АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА  
"КАЗИНВЕСТБАНК"**

Утвержден решением  
Общего собрания акционеров  
от «30» декабря 2014 года

Алматы, 2014 год

Настоящий Устав, является учредительным документом Акционерного общества "Казинвестбанк", именуемого в дальнейшем "Банк", определяет правовое положение, порядок организации и функционирования, реорганизации и ликвидации Банка, права, обязанности, условия защиты прав и интересов акционеров и третьих лиц, полномочия и ответственность органов и должностных лиц Банка.

Настоящий Устав разработан и утвержден в новой редакции в соответствии с Конституцией Республики Казахстан, Законом Республики Казахстан от 31 августа 1995г. N 2444 "О банках и банковской деятельности в Республике Казахстан" (далее - Закон о банках), Законом Республики Казахстан от 13 мая 2003г. N 415-II "Об акционерных обществах" (далее - Закон об АО) и иными нормативными правовыми актами Республики Казахстан.

## **Глава I. Общие положения**

### **Статья 1. Наименование Банка**

1. Полное наименование Банка:

- а) на государственном языке: "Қазинвестбанкі" акционерлік қоғамы;
- б) на русском языке: Акционерное общество "Казинвестбанк";
- в) на английском языке: "Kazinvestbank" Joint Stock Company.

2. Краткое наименование Банка:

- а) на государственном языке: «Қазинвестбанкі» АҚ;
- б) на русском языке: АО «Казинвестбанк»;
- в) на английском языке: «Kazinvestbank» JSC.

### **Статья 2. Правовой статус Банка**

1. Банк создан и действует в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

Банк является казахстанским юридическим лицом, выпускающим акции с целью привлечения средств для осуществления своей деятельности. Банк имеет на праве собственности обособленное имущество и отвечает этим имуществом по своим обязательствам, может от своего имени приобретать и осуществлять имущественные и личные неимущественные права и обязанности, быть истцом и ответчиком в суде.

Официальный статус Банка определяется государственной регистрацией юридического лица в качестве Банка в органах юстиции Республики Казахстан и наличием выданной уполномоченным органом по регулированию и надзору финансового рынка и финансовых организаций (далее – уполномоченный государственный орган) лицензии на проведение банковских операций.

2. Организационно-правовая форма Банка – акционерное общество.

3. Форма собственности Банка - частная.

4. Банк вправе участвовать в уставных капиталах других юридических лиц на территории Республики Казахстан и за ее пределами в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

5. Банк в своей деятельности руководствуется законодательством Республики Казахстан, а также настоящим Уставом и иными документами, разрабатываемыми Банком в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

6. Банк на основании решения Общего собрания акционеров (Протокол Общего годового собрания акционеров ЗАО «Казинтербанк» от 25 марта 1998 года) преобразован из Закрытого акционерного общества "Казахстанский Интернациональный Банк" (дата первичной государственной регистрации 18 мая 1994 г.) в Открытое акционерное общество "Казахстанский Интернациональный Банк". Банк является правопреемником Закрытого акционерного общества "Казахстанский

"Интернациональный Банк" по всем его правам и обязанностям в соответствии с Передаточным актом, утвержденным решением Общего собрания акционеров (Протокол Общего годового собрания акционеров ЗАО «Казинтербанк» от 25 марта 1998 года).

7. Переименование Банка из Открытого акционерного общества "Казахстанский Интернациональный Банк" в акционерное общество "Казинвестбанк" и данная редакция Устава Банка произведены во исполнение норм и требований Закона об АО, а также в целях приведения наименования Банка в соответствие с целями и сферой деятельности Банка.

8. В соответствии с Решением Общего собрания акционеров от «30» декабря 2014 года Банк настоящим принимает Устав в новой редакции.

### **Статья 3. Ответственность Банка и его акционеров**

1. Банк несет ответственность по своим обязательствам в пределах своего имущества.

2. Банк не несет ответственности по обязательствам своих акционеров.

3. Акционеры не отвечают по обязательствам Банка и несут риск убытков, связанных с деятельностью Банка, в пределах стоимости принадлежащих им акций, за исключением случаев, предусмотренных законодательными актами Республики Казахстан

4. Банк не отвечает по обязательствам государства, равно как и государство не отвечает по обязательствам Банка, за исключением случаев, предусмотренных Законом о банках, и случаев, когда Банк или государство принимают на себя такую ответственность.

### **Статья 4. Филиалы и представительства. Дочерние Банки.**

